

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің «Еңбекші негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ

9 сынып оқушыларының ата-аналар жиналысының

Хаттамасы №1

Жалпы ата-ана саны – 4

Қатысқаны – 4 ата-ана

Қатыспағандар саны: 0

Жиналыстың өткізілу уақыты: 05.09.2025 ж

Себебісі: 0

Күн тәртібінде:

- 1) Білім алушыларды қорытынды аттестаттау(БАҚА) өткізілуі ережелері және қорытынды аттестаттауға дайындық туралы;
- 2) БАҚА пәндері бойынша өткізілу спецификациясы;
- 3) Оқушылардың негізгі мектептен кейінгі оқу орындарын таңдауы;
- 4) Әртүрлі сұрақтар.

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша басшының оқу жұмысы орынбасары Ибрагимова Сабира Ханнановна сөз сөйледі. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың жалпы ережелері мен мерзімі, қандай пәндерден болатыны, таңдау пәндері мен аттестатталу ережелері ата-аналарға түсіндірілді. Бағалардың және таңдау пәндерінің алдағы арнайы орта оқу орындарына түсудегі маңызы туралы айтылды.

Екінші сұрақ бойынша қорытынды аттестаттау пәндерінің емтихандарының өткізілуі туралы пән мұғалімдері сөз сөйледі. Оқушылардың қандай пәндерден білімдерін арттыру керектігі және қандай пәндер қиындық тудыратыны туралы ескертілді. Әрбір емтиханның алыну түрі, спецификациясы және ережелері туралы айтылды.

Үшінші сұрақ бойынша басшының оқу жұмысы орынбасары Ибрагимова Сабира Ханнановна сөз сөйледі. Негізгі мектептен кейін колледжге немесе орта мектепке барудың әр қайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері туралы мәлімет берді. Сонымен қоса кәсіби бағдар беруге бағытталған шараларды атап көрсетті.

Төртінші сұрақ бойынша ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Оқу жылында оқушының сабаққа қатысуы, дайындығы қатаң бақылауға алынсын.
2. Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындыққа қатысуы ата-аналар тарапынан үнемі қадағаланып отырылсын.

3. Ата-аналар мен сынып жетекшісі, пән мұғалімдері оқушының оқу үдерісіне белсенді қатысуы үшін бірлесіп жүйелі жұмыстар атқарсын.

Ата-аналар комитетінің
төрайымы:



А.С.Ибрагимова

Хатшы:



Н.М.Матенов.